



№57 (10047)
20 шілде,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар



289 млн текше метр артық су түскен

Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовке облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов Арал ауданы Аманөкел ауылдық округі тұсындағы «Қамыстыбас» және «Ақшатау» көлдер жүйесін суландырудың жай-күйін таныстырды.

Аталған көлдер жүйесінің аумағы – 40459, оның ішінде «Қамыстыбас» көлдер жүйесінің аумағы – 28029, «Ақшатау» көлдер жүйесінің аумағы – 12430 гектар.

Еске салсақ, Арал ауданындағы 2021 жылғы қуаңшылыққа байланысты Сырдария өзенінің «Бурма-құлақ» арнасы бөгіліп, «Аспай» ескі ағытқысы қалпына келтірілді. Осылайша көлдер жүйесі суландырылған.

Арал ауданындағы «Қамыстыбас» және «Ақшатау» көлдер жүйелерін суландыру үшін жоба құны 35 млрд теңгені құрайтын «Аманөкел» ауылының тұсына су торабын салу жобасының техника-экономикалық негіздемесі әзірленіп, биыл «Мемсараптама» РМҚ-ға қарауға ұсынылған болатын. Республикалық бюджеттен жоба-сметалық құжат әзірлеу тапсырылды.

Сонымен қатар Нұржан Нұржігітов «Қамыстыбас» пансионатында Арал ауданының тұрғындарымен кездесті. Кездесуде су шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Биыл вегетация кезеңінде «Шардара» су қоймасына 3,7 млрд текше метр су түсуі болжанған еді. Осы жылдың 10 шілдесіндегі мәліметтерге қарағанда, нақты 3,8 млрд текше метр су түсіп, болжам 144 пайызға орындалған. Бүгінде «Шардараға» жоғарыдан секундына 204,7 текше метр су келіп, қоймадағы су көлемі 3 млрд текше метр болды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 752 млн текше метрге артық.

Биыл облыс шекарасына өткен жылмен салыстырғанда 289 млн текше метр артық су түскен. Нәтижесінде егін алқаптары вегетация кезеңінде сумен жеткілікті көлемде қамтылған. Мұнан бөлек өзен арқылы түскен артық су Арал теңізіне жіберілуде. Өткен жылы осы уақытта теңізге секундына 6 текше метр су жіберілсе, бүгінде 65-75 текше метр су баруда. Жыл басынан бері 1,3 млрд текше метр су құйылған.

Әрі қарай министр «Әйтеке» су торабы арқылы Солтүстік Аралға баратын су көлемін бақылап, Сырдария, Жалағаш аудандарының су пайдаланушыларымен кездесті.

«ЖЖ» ақпарат

Егінжай – 2024



Соя егіп, табысқа кенелген

Таң атысымен тілшілік тіршілікпен егіс алқабына атбасын бұрдық. Таңғы сағат тоғыз, диқандар үшін талтүс болса керек, бригадирден бастап күрішішіге дейін алқап басында жүр. Ерте көктеммен бірге еңсе тіктейтін диқандардың дені бүгінде дала қосында еңбекпен біте қайнасқан. Жыл мезгілінің қайсысы болса да еңбек адамының оң жамбасына деп түсері анық. Көктемде дала төсін егінжайға дайындап, мол өнімнің ырзығын жасаса, жазда еккен өнімін күтіп-баптайды.

Бұқарбай батыр ауылындағы «Үміт» шаруа қожалығы былтырдан бері егінді әртараптандыруға басымдық берген. Шаруашылық өткен жылы 200 гектардай жүгері ексе, биыл күріштен бөлек 50 гектар соя, 400 гектардан астам жоңышқа сәуіпті. Сояның шығымы бітік. Бригадир Марат Қодренов өнімнің бұл түрі суды аз қажет ететінін айтты. Яғни толық пісіп-жетілімін дегенше 4 рет суарады. Оның үстіне сояға қазір сураныс та жоғары көрінді.

– Бұршақ тұқымдас соя дақылы әлемдік нарықта жоғары суранысқа ие. Көптеген мемлекет оны ет тағамдарының орнына тұтынады. Сондай-ақ жер құнарын арттыруға септігі де көп. Біз де күрішті азайтып, суды аз тұ-

тынатын дақылдарға көңіл бөліп жатырмыз. Өткен жылы жүгері есірдік, шығымы жақсы, суды да көп қажет етпейді. Биыл жерге бидай да септік, міне, күні кеше ақегіс жұмыстарын аяқтадық. Жалпы еңбек етуге ешқандай кедергі жоқ, шаруашылықтың техникалық базасы жаңартылған, жанармай жеткілікті, жалақымыз жоғары, тек ерінбей еңбек етсең болды, – дейді бригадир.

Алқап басында арамшөптерді жойып, сояның өсуіне көмектесіп сушы Сұлтанбек Тасбергенов жүр. Білікті сушы диқандармен бірге жүріп, көктемгі егін егу жұмыстарын ойдағыдай атқарған. Одан кейінгі егіннің бап-күтімінде де егістік басынан шықпай, тынымсыз

еңбектенуде. Нәтижесінде алтын күзге ерекше мереймен жетуге дәмелі. Сұлтанбектің бұл салада еңбек еткеніне 5 жылдан асыпты. Сол уақыттың ішінде егін егудің барлық қыр-сырын жетік меңгерген. Кеше жерді баптаудың түрлі әдістерін бізге түсіндірумен болды.

– Бұл дақылдың тұзды, сортаңданған жерге өскені өте тиімді. Мысалы, 1 гектарға егілген соя 5-6 тоннаға дейін сол жердің тұзын өзімен бірге алып кетеді. Тұзын сіңіріп, әрі қарай құнарларын арттыруға мүмкіндік береді. Сояның тамыры күшті, оларда азот минералды пішінге өңделген, ол сояның өзі үшін ғана емес, сонымен бірге осы жерде өсірілген басқа да көкөністерге тыңайтқыш ретінде қызмет ететін бо-

лады. Соя өте құрғақшылыққа төзімді деп есептеледі, бірақ жоғары өнімділік үшін жақсы топырақ ылғалдылығы қажет, – дейді Сұлтанбек Тасбергенов.

Диқанның айтуынша, сояның пайдасы зор. Оның құрамындағы ақуыз 46 пайызға дейін, өсімдік майы 24 пайызға дейін болады. Сондықтан оны сүт, ет бағытындағы шаруашылықтарда, медицина саласында, тамақ өнеркәсібінде көп қолданады. Көптеген ас түрлерін өңдеуге де пайдаланады. Сондай-ақ оны қоймада сақтап өңдеу болудың қажеті жоқ. Жинап алып, сата бересің, сондықтан экономикалық тиімділігі жоғары. Бағасы күріштен жоғары. Сығынды майы да кәдеге жаратылады. Мал азық етуге де болады.

Қазіргі таңда шаруашылық 60 адамды жұмыспен қамтып отыр. Былтыр күзгі науқанды толайым табыспен қорытындылаған еңбек ұжымы қосымша қаржылай сыйақыға да ие болған. Биыл да шаруа адамдары үлкен табысқа кенелетін сияқты. Олардың алпап ыстық-та қалай еңбек еткенін алқаптағы бітік шыққан өнімнің өзі айтып тұр.

Жандос ЖАЗКЕН

Ырыс



Ақсудағы алғашқы орақ

Егіс алқабындағы сарғайған сабан тура күзгі науқанды көз алдыға әкеледі. «Шілденің ортасында егінге орақ салғаны қалай?» деп өзіміз де аң-таңбыз. Бақсақ, бұл егістік Ақсудағы «Сәрке батыр» ЖШС-на тиесілі екен. Ауыл еңбеккерлері кеше бидайға орақ салыпаты.

Шаруашылықтың бас агрономы Қанат Демесінов биыл 70 гектарға жоңышқамен бірге бидай егілгенін айтады. Екі күнде 30 гектар бидай егілгенін айтады. Осы аптаның соңына дейін қалғанына орақ түседі. Қанат ағамыз өнімнің бұл түріне сураныс жоғары екенін айтады.

– Көктемгі науқанды, жалпы ақегісті наурыз айында бастадық. Бидайға орақ салғанымызға бүгін үшінші күн. Өнімнің шығымы жаман емес. Қазір нарықта бидайға сураныс жақсы. Мұнан бөлек егінді әртараптандыру мақсатында 40 гектар мақсары ектік. Бірақ оған Қызылордада сураныс жоқ, керісінше Жамбыл облысынан келіп алып кетеді. Тамыздың алғашқы онкүндігінде мақсарыға да орақ саламыз, – дейді бас агроном.

Айта кетейік, биыл шаруашылық егінді әртараптандыруға айтарлықтай басымдық берген. 380 гектар алқапқа жаңа жоңышқа егіп, 420 гектар ескі жоңышқаны күтімге алған. Тіпті күріштің көлемін де жылдағыдан 100 гектарға қысқартқан. Мәселен, былтыр 950 гектар алқапқа Сыр салқын сепсе, биыл 850 гектарға күріш егіпті. Оның 250 гектары – жаңа сұрып, қалғаны – «Лидер».

– Былтыр өнім жаман болған жоқ, диқандар гектарынан 60 центнерден өнім алды. Алды 70 центнерден жоғары жиды. Жалпы шаруашы-

лықта 110 адам жұмыс жасаса, соның 25-і – сушы. Былтыр еңбекте озат болған дала дарабоздарына жалақысынан бөлек жалпы құны 35 млн теңге үлестірілді. Алды 1 млн теңгеге дейін қосымша қаражат алды. Биыл да егіннің шығымы бөтен емес, сабантойда игі дәстүр жалғасын табады, – дейді Қанат Демесінов.

Шаруашылық былтыр аяқсудан тапшылық көрген, биыл бұл жағынан мәселе болмаған. Қанекен су тапшылығы бір жағынан өнім сапасына да әсер ететінін айтады. Оның үстіне биыл күріштің ауруы көбейген. Бірақ алқаптағы өнім мұндай ауруларға шалдықпас үшін қажетті тыңайтқыштарын уақытылы беріп отыр.

Серіктестік бақша салуға ниетті ауыл азаматтарына жер дайындап беруді дәстүрге айналдырған. Былтыр ауыл халқы бақшалық жерде өнім баптап, қыстық азығын қамдап алды. Биыл осы мақсатта 6 гектар жер дайындалған. Бүгінде ондағы бақша өнімдерінің алды жеміс берді.

– Бұған қатысты аймақ басшысының арнайы тапсырмасы бар, келер жылы да бақша салуға ниетті ауылдағы ағайына жер ашып береміз. Тұрғындар да қазір бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып отыр, – дейді агроном.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Сұхбат



Алтынбек ДӘРІБАЕВ,
аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы:

Жер өз мақсатына сай пайдаланылуы тиіс

Жалағаш аграрлық өңір болғандықтан ауыл шаруашылығы саласының дамуы ерекше маңызға ие. Күріспен кірісін еселеп отқан аудандардың өткен жылды толайым табыспен қорытындылады. Биыл да жежелі жерге дән тастаған ауыл өңбеккерлері үлкен өнімнен үмітті. Жалпы салада өндірілген өнім көлемі қанша? Биылғы өгіннің шығымы қалай? Аудан дикандары аяқсудан тапшылық көріп жатқан жоқ па? Осындай бірқатар сауалымызға жауап алу үшін аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаевпен сұхбаттасқан едік...

— Алтынбек Тұрмағамбетұлы, биыл жалпы салада өндірілген өнім көлемі қанша?

— Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасын дамытуға үлес қосатын маңызды саланың бірі. Сол себепті жыл сайын мемлекет тарапынан саланы қолдауға ерекше мән беріледі. Алты айда ауданда мемлекеттік қолдаудың арқасында салада 2,737 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімдері өндірілді. Бұл көрсеткішті өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,7 пайызға орындалғанын бағамдаймыз. Ауыл шаруашылығының негізгі қорға салынған инвестиция көлемі 2024 жылдың 1 маусымында 417,3 млн теңгеге орындалды. Бұл да биылғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4 есеге артты.

— Жалпы биыл аудан дикандары қанша гектар алқапқа өгін өкті?

— Биыл 37 676 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде Сырдың басты дақылғы 19 800 гектарды құрап отыр. Мұнан бөлек 770 гектар жаздық, 129 гектар күздік бидай, 40 гектар арпа, 665 гектар мақсары, 200 гектар қант құмайы, 65 гектар соя, 5 гектар сұлымыз тағы бар. Мал азығына келсек, 4 850 гектар жаңа жонышқа егіліп, 8091 гектар ескі жонышқа күтімге алынды. Сондай-ақ 650 гектар картоп, 1115 гектар көкөніс және 1296 гектар басқа да бақша дақылдары егілді.

— Аққу мәселесінің жыл сайын күрделеніп келе жатқанын жақсы білеміз. Бұл мәселе жергілікті Дикандарға тұсау болып отырған жоқ па?

— Биыл егін орналастыру, күтіп баптау үшін су жеткізіп беру қызметіне «Жалағашсушар» өндірістік ұжымсымен 187 шаруашылық 729,4 млн теңгеге келісім-шарт жасасты. Қазіргі таңда егін орналастыру жұмыстары толық аяқтап, күтіп-баптау жұмыстары жүргізілуде. Аудандағы суармалы жерде дақылдарды кезектестіру схемасын тәртібінің сақталуына тұрақты бақылау жұмыстары ұдайы жүргізіліп келеді. Мұның бәрі өнім сапасына тікелей әсер етеді.

— Кешегі көктемгі науқанда техниканың мәселесі болды ма? Алдағы күзгі науқанда бұл жағынан дайындық қалай?

— Аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Биыл 669,4 млн теңгеге 13 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Көктемгі науқанда техниканың мәселесі болған жоқ. Жыл сайын күзгі науқанда өнімді жауын-шашынға қалдырмай жинап алып жатыр. Биыл да мәселе болмайды деп ойлаймын.

— Жалпы ауданда ауыл шаруашылығы жерлері өз мақсатына және ротация тәртібін сақтай отырып пайдаланылып жатыр ма?

— Аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Биыл 669,4 млн теңгеге 13 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Көктемгі науқанда техниканың мәселесі болған жоқ. Жыл сайын күзгі науқанда өнімді жауын-шашынға қалдырмай жинап алып жатыр. Биыл да мәселе болмайды деп ойлаймын.

қорымыз тағы бар. Су қорына 14902 гектар жатса, босалқы жерлер 1 745 884 гектарды құрайды.

Ауданда 33016 гектарды құрайтын жалпы саны 60 инженерлік тұрғыда әзірленген күріш ауыспалы егіс жүйесі, 1 мал азығы және 1 картоп ауыспалы егіс жүйесі бар. Жерді қашықтан зондтау нәтижесімен анықталған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге пайдалану жағдайына талдау жүргізіп, шаруашылықтарға мал басын тіркеу, қайта тіркеу жұмыстарын ұйымдастыру, жайылымдарда, жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктемелін шекті рұқсат етілетін нормасының 50 пайыздан жоғары ауыл шаруашылығы малдарының тіркеу қажеттілігі жөнінде шаруашылықтар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде бүгінгі таңда мал тіркеу көрсеткіші мамыр айына дейін 51 пайыздан 71,3 пайызға артты.

Жерді қашықтан зондтаудың арқасында биылғы Жалағаш ауданында 47 жеке және заңды тұлғаларға табысталған жалпы көлемі 39 414 гектарды құрайтын 51 жер учаскесін пайдаланбау белгілері анықталды. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде қазіргі уақытта жер учаскесін пайдаланбай отырған 3880 гектарды құрайтын 14 жер учаскесінің 3594 гектарды құрайтын 10 жер учаскесіне қатысты тиісті шара көру үшін облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды. 87 гектарды құрайтын 1 жер учаскесі мемлекетке қайтарылды. Қалған 3 учаске бойынша «Нұрислам» шаруа қожалығының барлық үлесшісі жер үлестерімен басқа шаруашылыққа қосылған. Тағы бір жер учаскесіне байланысты зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

— Жалпы жердің мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге жұмыстарының нәтижесі қалай?

— 2015-2023 жылдары жеке және заңды тұлғаларға табысталған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жүргізілген мониторинг жұмыстарының нәтижесінде жер учаскелерін өз мақсатына сай пайдаланбаған жалпы көлемі 1908 гектарды құрайтын 16 жер учаскесіне қатысты тиісті шара көру үшін облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды. Сонымен қатар аудандағы суармалы жерде дақылдарды кезектестіру схемасын тәртібінің сақталуына тұрақты бақылау жұмыстары ұдайы жүргізіліп келеді. Бекітілген іс-шара жоспарына сәйкес ақпараттық-жұмысшы тобымен инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жерлердің пайдаланылуы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесінде ауданда 8307 гектар инженерлік тұрғыда әзірленген суармалы жерлерді ұтымсыз пайдалану дақылдарды кезектестірудің схемасын сақтамау белгілері анықталды.

Бүгінгі күнге дейін ауыспалы егіс тәртібін бұзып, күріш дақылын артық өккен 38 шаруашылықтың жалпы көлемі 3 613 гектарды құрайтын жер учаскелері тиісті шара көру үшін Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды. Биыл мерзімі аяқталатын жалпы көлемі 4863 гектарды құрайтын 26 жер учаскесіне талдау жасалды. Оның ішінде жалға алу мерзімі мерзімі аяқталған жалпы көлемі 1810 гектарды құрайтын 14 жер учас-

кесінің 1723 гектарды құрайтын 13 жер учаскесінің жалдау мерзімі узартылды. Ал 87 гектарды құрайтын 1 жер учаскесі мемлекет қорына қайтарылды.

2015-2023 жылдары жеке және заңды тұлғаларға табысталған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге мониторинг жүргізіліп, нәтижесінде жер учаскелерін өз мақсатына сай пайдаланбаған жалпы көлемі 1908 гектарды құрайтын 16 жер учаскесі тиісті шара көру үшін Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды. Биыл желтоқсанға дейін пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып отырған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару туралы бекітілген жоспарға сәйкес тиісті жұмыстар әлі де жүргізілуде. Биыл 6 айда жалпы көлемі 3730 гектар жер мемлекет қорына қайтарылды.

— Ауданда мал шаруашылығының даму қарқыны қалай?

— Биыл 5 айда 38178 ірі қара, 35858 уақ мал, 30602 жылқы, 838 түйе, 10323 құс өсірілуде. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда МІҚ 104,4, жылқы 105,8, түйе 97,4, уақ мал 81, құс 102,5 пайызға орындалды. Маусым айына берілген 1526,9 тонна ет, 3347,5 тонна сүт өндірілді. Өткен жылмен салыстырғанда ет 100,9, сүт 101,1 пайызға орындалды.

— Жалпы жергілікті шаруашылықтар төрт түлікті асылдандыруға басымдығы беріп жатыр ма?

— Ауданда 4 шаруашылық асыл тұқымды мүйізді ірі қара, 3 шаруашылық асыл тұқымды қой өсіруді қолға алған. Сүт тауарлы фермасын ашу мақсатында «Адал» ЖК 2022 жылы 30 асыл тұқымды сүт бағытындағы «Симменталь» сиырының қашарын сатып алды. 2026 жылы шаруашылық жанынан сүт өңдеу цехын ашу жоспарланып отыр.

«Бақдаулет-57» ФК Чехия мемлекетінен 95 асыл тұқымды «Симменталь» сүт бағытындағы мүйізді ірі қара аналығын сатып алды. Бүгінде оның 65 пайызы төлдеп тұр, күніне 700 литр сүт өндірілуде. «АгроЛидер Таң» ЖШС жанынан мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу цехы жұмыс жасайды. Цехта тәулігіне 0,5 тонна ет өнділіп, 15 түрлі өнім дайындалады. Өндірілген өнім облыстық сауда орталықтарына өткізіледі. Қазіргі таңда цех 8 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялау бағыттары бойынша биыл 13 млн 760 мың теңге субсидия алынды. Оның ішінде 16 шаруашылық мүйізді ірі қара аналығының тұқымдық түрлендірілуіне, яғни 1286 басқа 12 млн 860 мың теңге, 3 шаруашылық сатып алынған асыл тұқымды бұқаның құнын арзандатуға 6 басқа 900 мың теңге субсидия алды.

— Жалпы биыл мал азығы, яғни жел-шептен мәселе болмай ма?

— 2024-2025 жылдың қысына түсетін 64740 шартты мал басына 90,3 мың тонна табиғи шөп, 19 мың тонна жем, 29,5 мың тонна сабан дайындау жоспарланып отыр. Бүгінге дейін 32 мың тонна шөп дайындалды, оның ішінде 23,4 мың тоннасы – жонышқа.

— Жалпы азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша мониторинг жұмыстары жүр-

гізіле ме?

— Аудандағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19-ына күнделікті мониторинг жүргізілуде. 27 маусым мен 4 шілде аралығындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің салыстырмалы бағасы бойынша 2 өнімнің бағасы қымбаттаған. Атап айтсақ, қырыққабат пен күмшекердің бағасы 5 теңгеге өскен, қалған 17 өнімнің бағасы тұрақты. Бүгінде ауданда ірі және шағын сауда орындарында өндірілетін және сырттан келетін 601,5 тонна азық-түлік өнімдерінің қоры бар. Азық-түлік өнімдерін жорары бағада сәтқан кәсіпкерлер тиісті мекемелерге шара қолдану үшін ұсынылуда. Жыл басынан бері азық-түлік бағаларын негізсіз көтерген 14 сауда орнының материалдары қузырлы мекемелерге жолданды.

— Жалпы халықтың өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар бақша өнімдерімен қамтамасыз етуі үшін арнайы бақшалық жер дайындалып берілетін. Әлбетте бұл да бағаны тұрақтандыруда ерекше маңызға ие. Жалпы биыл бақша салуға ынтымақталуға тағы да жер дайындалды ма?

— Жергілікті тұрғындар өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар көкөніс, бақша өнімдерімен қамту үшін 500 гектар егістік жер дайындалып, 610 отбасына үлестірілді. Оған тұрғындар 235 гектар картоп, 73 гектар көкөніс, 192 гектар басқа да бақша дақылдарын өкті. Сонымен қатар Мақпалкөл ауылдық округіндегі «Ер-Әлі» шаруа қожалығы 6 гектар картоп, 2 гектар бақша, 2 гектар көкөніс дақылдарын тамшылатып су ару әдісімен орналастырды. Алдағы уақытта азық-түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын тұрақтандыру жұмыстары жалғасын табады.

— Жалпы жалағаштың жастар «Дипломмен ауылға» баедаламасының иісіне кіріп жатыр ма?

— ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы №27 бұйрығымен бекітілген «ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» бұйрығына сәйкес, ауданның өкімшілік орталығына және ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең көтерме жәрдемақы төлеу белгіленген. Биыл көтерме жәрдемақы құны 369 200 теңгені құрайды. 2024 жылы жергілікті бюджеттен 16 млн 614 мың теңге 45 маманға үлестірілді. Қазіргі уақытта 180 сала маманы кезекте тұр. 2024 жылы ресел тайқазанынан 238134 мың теңге қаралды, яғни 28 сала маманына тұрғын үй несиесі беріледі.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ақтоты БҮРКІТБАЙ,
аудандық «Жалағаш жаршысы»
газетінің тілшісі:

«Адал өмір сүру ғана адамды бақытты етеді»

Адамдықтың асыл қасиеті – адалдық. Адалдықтың тамыры терең бойлап, жапырағы жайқалған мемлекетте бірліктің берекесі кіріп, елдің жағдайы өркендейді. Осы ретте Президент түркі жұртының темірқазығына айналған Түркістанда өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты ұлттық құрылтайда адалдық жайында өз көзқарасымен бөлісіп, «Адал адам» тұжырымдамасын жариялады. Сол тұжырымдама аясында әріптесіміз Ақтоты Ержанқызы Ақсу ауылдық клубында өз ойымен бөлісіп, ауыл халқының да бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады.



«Адал адам» тұжырымдамасын Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасымен үндесек, рухани жетілген, кемеліне келген, жан-жақты дамыған Әділетті Қазақстан азаматының образы және жалғасы деп айтуға болады. Осы ретте әріптесіміз Ақтоты Бүркітбай Ақсу ауылының халқы үшін «Адал адам» образының символы ретінде есте қалды.

Сұхбатқа Ақсу ауылының ардагерлері мен жастары, мұғалімдер, мәдениет саласының қызметкерлері қатысты. Сондай-ақ шарада болашағын журналистика саласымен байланыстыратын оқушылар да бой көрсетті. Әріптесіміздің еңбекқорлығының арқасында ауыл тұрғындарының «Жалағаш Жаршысы» газетіне де айтылған ыстық лебіздерін де арқалап қайтты.


— Биыл өзін еңбек етіп жатқан аудандық басылымның төл мерекесі, яғни «Жалағаш жаршысы» газетіне 90 жыл толып отыр. Сондай-ақ туған жерім Жалағаш ауданының құрылғанына 85 жыл толып отыр. Міне, осындай тәуелсіз елде, бейбітшілік заманда қоғам дамуына атсалысып, туған жерімде еңбек еткеніме қуаныштымын. Адал адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін өз мамандығын сүйген адам. Яғни кез келген салада қызмет ету барысында адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болып қалыптасу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыру керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнар еді. Мемлекет басшысының «Адал адам» тұжырымдамасы негізінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде ұйымдастырылып жатқан бұл шара алдағы уақытта да жалғасын тапса деймін. Елге адал қызмет етіп жүрген ер тұлға өз тәжірибесімен бөліссе ғана ұлт болып алға жылжитынымыз анық, — дейді Ақтоты Бүркітбай.

Осылайша сыр сұхбат соңына жетіп, ауыл тұрғындары, әсіресе жастар көкейінде жүрген сауалдарға жауап алды. Озық әрі табысты елге айналу үшін қоғамда адалдық атты құндылық үстемдік құруы қажет. Қоғамда адалдық үстемдік құратын болса, жетістіктер көп болмақ.

«ЖАҒ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды Балалардың отпен ойнауы қауіпті

Әрбір ата-ана өз баласына жауапкершілікпен қарауы тиіс. Ата-ана жас балаларды отпен ойнауға әдеттендірмеу қажет. Мүмкіндік болса, олармен бір мезгіл өрттің зиянды құбылыс екенін әңгімелеп отырған дұрыс. Қазіргі уақытта көптеген өрт оқиғасы балалардың отпен ойнауына, яғни сіріңке жағуынан орын алып отыр. Бұндай өрт оқиғалары өте қауіпті. Ол балалардың қатты жарақат алуына, кей кездері балалар өліміне әкеп соқтыруы мүмкін.



Осындай қатерлі оқиғалардың алдан алу үшін, ата-аналар бірқатар талапты орындауы керек. Балаларды үйде жалғыз қалдырмауға, әсіресе құлыпталуы қалдыруға болмайды. Оларға жаңып жатқан пешке, электр жылытқышқа, керосин лампасына қарауға тыйым салу керек. Балаларға электр пештерді, телевизор, магнитофондарды қосуға рұқсат етпеңіз. Сондай-ақ сіріңкемен ойнауға тыйым салу керек және сіріңке балалар ала алмайтын жерде сақтаған жөн.

Абай болыңыздар! Төсекте жатып шылым шегу, бұзылған немесе бақылаусыз электр құралдары, отқа жете көңіл бөлмеу сияқты басқа да жағдайлар сіздің үйіңіздегі өрттің шығуына ықпал етеді. Отпен айналысқандарыңызда сақтық шараларын әр кезде ұмытпаңыздар және оны қатаң сақтаңыздар. Балаларды бақылаусыз қалдырмаңыздар, уақытылы пештерді, түтін жүретін қалдырды, электр сымдарын жөндеуден өткізіңіздер. Өрт шыққан жағдайда 101-112-ге хабарлаңыздар.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



Қазақ даласы – ежелгі металлургияның отаны

Ежелгі металлургияның жылдам дамуының негізі мыс еді. Бұл металл қазақ жерін әлемдегі тау-кен, металлургия орталықтарының біріне айналдырды. Евразия аумағында көне металлургия өндірісінің пайда болып, дамуы барысындағы ірі орталықтардың бірегейі Орталық Қазақстан болып табылады. Археология мен топонимика деректері бұл жердің мұрасы ежелден-ақ тау-кен орындары және металлургия өндірісімен тығыз байланысты екенін куәландырады. Сарыарқаның мыс кеніштері Жезқазған, Кенқазған, Қоңырат, Жездінің тарихи мәні өз зерттеушілерін қызықтырады анық. Осындай іргелі кешендердің бірі Жезқазған өңірінде орналасқан.



Талдысай қола дәуірі металлургиялық қонысындағы құрбандық орындары

Қола дәуірі, соның ішінде Беғазы-Дәндібай дәуірінің мәдениеті басқа кезеңдермен салыстырғанда ірі металлургиялық ошақтардың пайда болуымен ерекшеленеді. Металлургияның тез дамуы өз кезегінде өндіруші күштердің жедел жетілуіне, қоғамда шаруашылық салалар бойынша мамандандыру күшеюіне, сонымен қатар қоғамдық өмірге де ірі өзгерістер әкелді. Сондай өзгерістер қатарында (жерлеу құрылыстары негізінде) рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігін айқын көрініс табуы байқалады.

Орталық Қазақстанның көне металлургиясы және шекаралары тарихи жайындағы деректер Қазан төңкерісіне дейінгі саяхатшылар, ғалымдардың еңбектерінде бар. С.А.Попов өз кезегінде негізгі Орталық Қазақстанның шығыс бөлігінде (Баянауыл және Қарқаралы өңірлері) жүргізді. Н.Рычков күнде-лігінде (1771ж) Ұлытау маңында Жезді-Кенгір өзені аңғарында көп мөлшерде мыс орындары кездесетінін жазған. XIX ғасырдың 30 жылдарынан бастап, Ресейлік кәсіпкерлер мен барлаушылар кен орындарын ашумен зерттеумен шұғылданады. С.Г.Белл 1910 жылы кен орындарын зерттегенде Жезқазған алқабындағы ежелгі кен-шілер 1 млн тонна руда шығарып, одан 10 мың тонна мыс алынғаны жайында мағлұмат берген.

XVIII–XIX ғғ. И.П.Шангин, Б.Ф.Герман, П.С.Паллас, П.И.Рычков, А.И.Шренк, В.В.Радлов сияқты авторлардың еңбектерінде тау-кен ісі жөнінде көп мәлімет бар. Бұл ғалымдардың еңбектері бүгінгі таңға дейін өз маңызын жоғалтпаған.

XX ғасырдың 30 жылдарында тұңғыш рет академик Қ.И.Сәтбаев бір-қатар мақаласында Жезқазған көне және орта ғасырларда металлургия мен кен ісінің ірі орталықтарының бірі болғанын атап өтті. Оның Жезқазған көне өндіріс орталығы екенін жайындағы пікірлерін екінші дүние жүзілік соғыстан кейін өңірде қазба жұмыстарын жүргізген Ә.Х.Марғұлан мен Н.В.Валукинский дәлелдеді. Бұл өлкенің көне металлургиясына байланысты материалдарды осы саланың маманы С.А.Берденов өз еңбегінде жинақтап қорытты.

Жезқазғанның ежелгі кеніш орны Қарағанды облысы Жезқазған қаласынан батысқа қарай 30 шақырым жерде орналасқан ірі кен орыны. Өткен ғасырдың 30 жылдарының басына дейін Жезқазғанның төрт жүздей ежелгі кеніші және ежелгі кен қазушылар мен металлургия қоныстарының орны сол қалпында сақталып келген. Мұның барлығы кейінгі жылдары карьерлерде жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жойылды. Сондықтан 90-жылдардың басында ашылған ежелгі металлургиялық қонысы Талдысай нағыз ғылыми жанаулық болды.

Жезқазғанның металлургиялық және кен ісінің көне ескерткіштерінің тарихи мәселелерін қарастыру тарих ғылымында көкейесті тақырыптардың бірі болып табылады. Мұны біріншіден тақырыптық маңыздылығы Жезқазған аймағының көне тарихын тану арқылы, қазақ жерінің өткенін білуге жетелуіне, екіншіден, өлкедегі авторхонты тұрғындардың материалдық

мәдениетінің пайда болып қалыптасу тарихын білу арқылы олардың антропологиялық құрылымын қайта келтіруге маңыздылығына, үшіншіден, тақырыптың аз зерттелуімен түсіндіруге болады.

Қола дәуірінде адамзат қоғамының дамуында көптеген түпкілікті өзгеріс әкелді. Оның ішінде мал шаруашылығы, жер өңдеу, металлургия және руданы өндіру, металдан қоладан еңбек құралдарын және қару мен әшекей дайындау, тұрғын үй салу дамыды. Сонымен қатар адамдардың рухани өміріне бірқатар өзгеріс енгізіле бастады. Бұның барлығы жерлеу ғұрыптық және алғашқы қауымдық дүниетанымдағы мифологиялар және басқа өмір туралы концепциялар адам өміріне өзгерістер енгізді.

Металл балқыту ісі көне металлургия білім мен біліктілікті, мол тәжірибені талап етті. Мұның барлығы от шеберіне көнеден бері ерекше құрмет және үлкен қорқынышпен қарауға итермеледі. Металлургия сырын тайпа ішіндегі тек қана арнайы бірнеше адам білгені этнографиялық деректерде кездеседі, сондай-ақ аталған адамдар ғана мыспен басқа металлдарды балқытуға құқылы болған. Бұл құбылыс құпия болған және шебер оны тандаулы адамға ғана үйреткен.

Көне қоғамда металл қорытуға қатысты көптеген ғұрыптық жоралар жасалған, яғни ғұрыптардың тазалығы тікелей әсер ететініне сенімді болған тұрғындар жаңа салынған пештерді қасиеттеп, астына сиқырлы заттарды көмген. Ал малшылар құрбандыққа мал шалған деген болжам да жасауға болады. Осындай ғұрыптар мен жоралғылар жүйесі таза өнім алуға бағытталған. Металл қорыту жұмысы күрделі тәжірибелермен де белгілі, мысалы, Африкадағы зулус металлургия кен қорытуы адам жүрмейтін тасаларда жүргізілген, себебі олардың жұмыстарын ешкім көрмеуге тиіс болған. Сондай-ақ металдың таза өнімін алу үшін руданы адамның маймын аластау керек деген ұғым бар, ал ол үшін адамды құрбандыққа шалған. Сондықтан металлургиядан айналдағылар қорқып, ұстаханаларды мүмкіндігінше айналып өтетін болған. Егер металл қорыту техникалық себептерден дұрыс өнім бермесе, онда ғұрыптар дұрыс жасалмаған немесе металлургия рухтарға жақпаған деген пайымдармен түсіндірілген.

Бұрынғы Қарағанды облысы Ұлытау ауданында орналасқан Талдысай металлургиялық қонысы орны – көне кеніштер, металлургия өмір сүрген елді мекен, металл балқыту ісі мен басқа да қолөнер өркендеген өз заманының ірі шаруашылық өндіріс орталығы. Бұл жердегі археологиялық зерттеу жұмыстары 1994 жылдан басталған. Нәтижесінде шахталық типтегі пеш

орындары, тұрғын үй-өндірістік кешендері, құрбандық алаңдары анықталған болатын. Металлургиялық қоныс орнында құрбандық шалудың бірнеше түрі ашылды. 1) Металлургиялық жұмыстардың кезекті циклының басында берілетін құрбандықты металлургиялық шұңқырлар мен ошақтардың жанындағы еденнің кіші-гірім қуыстарында жақтан төрт қозының қаңқасы сипаттайды. 2) Үйді тұрғызар алдында немесе кешеннің қызмет көрсету бағысында жасалған құрбандық жануар сүйектері мен еңбек құралдары түрінде көрсетілген. Заттар тұрғын үй шеберханасының қабағына түбіндегі екі шаруашылық немесе құрбандық шұңқырына жайғастырылған. 3) Үй-шеберхананы қалдырар кезде жасалған құрбандыққа сатылы қабырғаға жануар сүйектері мен бір шоқ мыс кені және қабырға түбіне араластырып сүйек пен тас бұйымдары қойылған.

Шығыс тұрғын үй өндірістік кешенінің оңтүстік-шығыс және солтүстік-батыс секторларында шартты түрде оңтүстік және солтүстік деп аталған екі құрбандық алаңы ашылды. Онда кезінде ірі қара және ұсақ малдың тұтас және бөлшектелген сүйектері анықталған. Малдың тұтастай және бөлшектелген сүйектерінің дене бөліктері шұңқырдың бетіне де, шығыс металлургиялық шұңқырдың түбіндегі де қойылып отырған. Түгіндіктен солтүстікке қарай жануарлармен бір мезгілде немесе біраз уақыт үзілістен кейін жерленген жұптасқан екі адамның қабірі ашылды. Басы батысқа қараған оңтүстік және басы оңтүстікке солтүстік мүрдeler бірінші артынан бірі қолаяғын баурына алған күйінде жерленген. Солтүстік мүрде оңтүстік мүрденің аяғы да етпетінен қойылған. Шығыс металлургиялық пештің үстіндегі ірі малдың бас сүйегінің жанында төменгі жағы жоқ адам бас сүйегі жатты. Бұл жағдайдағы құрбандық металлургиялық өндірістің тоқтауымен және тұрғындардың үйді қалдырып кетуімен байланысты болған. Өйткені сүйектердің орналасу сипаты кешеннің үй қарай жұмыс істеуінің мүмкін еместігін көрсетіп отыр. Құрбандар үй-шеберхананың едені мен металлургиялық металлургиялық кешенді жайып тұрған қабатта орналасқан. Құрбандыққа тек қана жануарларды ғана емес, шамасы адамдарды да, еңбек құралдары мен ыдысты да қойған. Жануар сүйектерінің арасында сүйек пен тастан бұйымдар айтарлықтай көп. Талдысай қонысындағы ежелгі құдыретті күш белгілері ең алдымен металлургиялық өндіріспен байланысты болды.

Көне кеніштер қазіргі кезге дейін көне металлургиялық мекені ретінде қоныстар күйінде сақталған, қоныстардың бірі – Талдысай. Бұл қоныстың мәдени қабаттарынан металлургияға қатысты көптеген мұра табылды.

А.Ш.Искаков,
«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының ғылыми қызметкері
А.У.Бирмуханова,
Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайының ғылыми қызметкері

р/с	Ауылдың атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тұлғаты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін аламының лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Аққұм ауылы	Асанбеков Алтынбек Әмірбекұлы	Аққұм ауылдық округі әкімі	Әр аптаның сәрсенбі күні сағат 9.30-дан 12.00-ге дейін	Жалағаш ауданы Аққұм ауылы Бейбітшілік көшесі, №4	(872431) 38-3-92

ЖОБА

«Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. «Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5137 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі **А.Ибраимов**
«КЕЛІСІЛДІ»
«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы « » _____ № _____ қаулысына қосымша
Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 177 қаулысына қосымша

Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесі

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, километр
1	KND-1	P-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Ақсу	2,33
2	KND-2	P-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Бұхарбай батыр	6,328
3	KND-3	M-32 Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жаңадалап-Аққыр	52,59
4	KND-4	M-32 Самара-Шымкент-Етбек-Есет батыр-Жаңадария	37,396
5	KND-5	M-32 Самара-Шымкент-Таң	3,3
6	KND-6	Жанақоныс елді мекеніне кіре беріс жол	0,997
7	KND-7	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-Қарақеткен	2,575
8	KND-8	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов	1,3
9	KND-9	Мырзабай ахун елді мекеніне кіре беріс жол	4,007
10	KND-10	Жалағаш кентіне кіре беріс жол	0,9
11	KND-11	Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Бермұбай калпе	2,3
12	KND-12	Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов-Түмен аулие	5,0
13	KND-13	Аққұм елді мекенінен ипподромға кіре беріс жол	2,6
14	KND-14	Жанақоныс-Таң Барлығы	3,728 125,351

ПРОЕКТ

О внесении изменения в постановление акимата Жалағашского района Кызылординской области от 24 августа 2015 года № 177 «Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения»

Акимат Жалағашского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**
1. Внести в постановление акимата Жалағашского района Кызылординской области от 24 августа 2015 года №177 «Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 5137) следующее изменение:
приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Жалағашского района **А.Ибраимов**
«СОГЛАСОВАНО»
Коммунальное государственное учреждение «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области»

Приложение к постановлению акимата Жалағашского района от « » _____ 2024 года № _____
Приложение к постановлению акимата Жалағашского района от 24 августа 2015 года № 177

Перечень автомобильных дорог районного значения

№	Индекс автомобильных дорог	Наименование автомобильных дорог	Общая протяженность, километр
1	KND-1	P-33 Кызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Ақсу	2,33
2	KND-2	P-33 Кызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Бұхарбай батыр	6,328
3	KND-3	M-32 Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жаңадалап-Аққыр	52,59
4	KND-4	M-32 Самара-Шымкент-Таң	37,396
5	KND-5	M-32 Самара-Шымкент-Таң	3,3
6	KND-6	Подъездная дорога к населенному пункту Жанақоныс	0,997
7	KND-7	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-Қарақеткен	2,575
8	KND-8	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов	1,3
9	KND-9	Подъездная дорога к населенному пункту Мырзабай ахун	4,007
10	KND-10	Подъездная дорога к поселку Жалағаш	0,9
11	KND-11	Кызылорда-Жалағаш-Ақсу-Бермұбай калпе	2,3
12	KND-12	Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов-Түмен аулие	5,0
13	KND-13	Подъездная дорога к ипподрому от населенного пункта Аққұм	2,6
14	KND-14	Жанақоныс-Таң	3,728
		Итого	125,351

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Еліміздің барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тосқауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделерді жауапқа тарту бүгінгі күннің ең басты міндеттердің бірі болмақ. Яғни осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген ұлы халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, өңесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адам қапын-парасат биігінен көрінуге тиіспіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрға біліктілік пен сауаттылықтың шынайы қабілетін білдіреді.

Осы орайда «Жемқорлық – індет, жою – міндет» және «Ашық есік күндері» акциялары өткізілді. Сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талаптарының орындалуына және құқық бұзушылықтың алдын алу, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында құзырлы органдармен бірлесіп семинар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылуда. Ауылдық округте мекемелер мен тұрғындар арасында өз деңгейінде ашықтықты қамтамбасыз ету, келеңсіз әрекеттерге жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Өңесі биік, дамыған мемлекеттердің қатарына енді көздеген шақта сол адам қапын-парасат биігінен көрінуге, осы бір қатерлі дерттен бойды аулақ ұстаған жөн. Қысқаша айтқанда, болашақ ұрпақ пен еліміздің гүлденуі үшін сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін өмірде иллюстрациялық мысалдарды жариялай отырып, БАҚ-та қоғам дертіне қарсы кең ауқымды насихат жүргізуге күш салу қажет екенін айтқым келеді.

А.АСАНБЕКОВ,
Аққұм ауылдық округі әкімі



Газдандыру жұмыстары пысықталды

Жылу маусымына дайындық мәселесі Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қаралды. Электр стансаларындағы жұмыс барысы туралы энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев баяндады.

Биыл электр стансаларында 10 энергия блогын, 55 қазандықты және 45 құбырды күрделі жөндеу жоспарланған. Бүгінгі таңда 1 энергия блогы, 6 қазандықты және 9 құбырды жаңғырту жұмыстары аяқталды. Қазіргі уақытта басқа нысандардағы жұмыстар түрлі деңгейде жүргізілуде. Сондай-ақ жылу маусымына дайындық аясында 20,8 мың шақырымға жуық электр желісі, 423 жоғары вольтты қосалқы стансаларды жөндеу жоспарлануда. Жылу желілерін реконструкциялау 541 шақырым коммуникация желісін қамтиды, бүгінгі таңда дайындық деңгейі 23 пайызды құрайды.

Премьер-Министр отырысқа қатысушылардың назарын жүйелен жабдықтау объектілерін дайындаудағы сын-тегеуріндерге аударды. Мысалы, «Екібастұз» Жылу орталығында жөндеу жұмыстарын бастау мерзімі мамыр айынан маусымның соңына ауыстырылған. Теміртауда 2-ші жылу орталығындағы қазандықты жөндеу жұмыстары өлі басталмай тұр, 2 ай кестеден артта қалып келеді. Тараз, Жезқазған және басқа өңірлердегі жылу көздерін жаңғырту бойынша да мерзімі кешіктірілген.

Өсіресе Ақмола, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарында жылу желілерін жаңғырту жұмыстарының төмен қарқыны байқалады. Бұған қоса «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының мүмкіндігін жеткілікті пайдалану мәселесіне назар аударылды.

Елімізде инженерлік коммуникацияларды жөндеу жұмыстары республикалық бюджеттен ғана жүргізіліп отыр. Олжас Бектенов бірінші вице-премьер Роман Склярға жергілікті жерлерде жылу беру кезеңінде дайындық барысын бақылауды тапсырды. Сондай-ақ жергілікті жерлерде шұғыл шешім мен барынша қатаң шаралар қабылдау қажеттігін қаперге салды. Ал жөндеу жұмыстарының сапасы ерекше назарда болуы керек.

Энергетика, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктеріне өңір әкімдіктерімен бірге жылу көздері мен желілеріне жөндеу жұмыстарының уақытылы әрі сапалы жүргізілуіне бақылауды күшейтіп, барлық жылу-электр орталықтары мен қазандықтарды қыркүйекке дейін отынмен қамтамасыз ету тапсырылды.

Үкімет отырысында Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев қазіргі жағдай мен былға арналған болжамды жоспар туралы баяндады.

Былыр тауарлық газды өндіру көлемі 29,8 млрд текше метрді құраған. Осы жылғы жоспарда 29,8 млрд текше метр, оның ішінде бірінші жартыжылдықта 14,9 млрд текше метр өндірілген, бұл осы жылғы жоспардың 50 пайызын құрайды.

Тауарлық газдың жалпы көлемінен өткен жылы ішкі нарық қажеттіліктеріне 19,4 млрд текше метр жеткізілген. Осы жылғы тұтынудың болжамды көлемі шамамен 20,9 млрд текше метрді құрайды. Былыр 1,6 млн тонна сұйылтылған мұнай газы өндірілген. Биыл да жоспар сол мөлшерде сақталып отыр және 2024 жылы 1 жартыжылдық қорытындысы бойынша 0,8 млн тонна

өндірілген, бұл жылдық жоспардың 53,3 пайызын құрайды.

Министрдің айтуынша, тауарлық газдың ресурстық базасын 2023 жылдан 2030 жылға дейін ұлғайту сөріні анықталған. Газдың болжамды теңгерімі бойынша тауарлық газды өндіру көлемі тұрақты өсіп келеді. Өткен жылғы 22,5 млрд текше метрден бастап 2030 жылға қарай 36,6 млрд текше метрге дейін, яғни 1,6 есе өседі деп күтілуде.

Жаңа газ кен орындарын барлауға және игеруге инвестициялар тарту шеңберінде «QazaqGas» бен «Chevron» арасында Ақтөбе облысындағы «Жәлібек» учаскесінде геологиялық барлау жұмыстарын бірлесіп жүзеге асыру туралы келісімге қол қойылған.

— 2026-2030 жылдарға дейін кезең-кезеңімен 4 газ өңдеу зауытын іске қосу басталады. Атап айтсақ, «Қашаған» кен орнының шикізаты негізінде қуаты жылына 1 млрд және 2,5 млрд м3, «Қарашығанақ» кен орнының шикізаты негізінде қуаты жылына 4 млрд м3, сондай-ақ Жаңаөзен қаласында қуаты жылына 900 млн м3 газ өңдеу зауытын салу көзделген, — деді Энергетика министрі.

Оның айтуынша, Қашаған кен орнының шикізаты негізінде газ өңдеу зауыттарын салу үшін қатарлық инвестор «UCC Holding» тартылған. Қазіргі уақытта «QazaqGas» ҰҚА АҚ мен «UCC Holding» компаниясы осы жобаларды іске асырудың соңғы шарттарын келісіп жатыр.

Бұған қоса ведомствонның басым міндеттерінің бірі — елді газдандыру және газ тасымалдау жүйесін дамыту. 2030 жылдың қорытындысы бойынша халықтың 60 пайызы немесе шамамен 12 млн адам газға қол жеткізеді. Биыл газдандыруды жалғастыру мақсатында республикалық бюджеттен 89,3 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ Үкіметтің іс-қимыл жоспары аясында қосымша 105,4 млрд теңге қаралған, бұл 300 мыңнан астам адамды газбен қамтамасыз етуге және 1,700 шақырымнан астам газ желілерін жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Елде тұтынушыларды газбен үдкісіз қамтамасыз ету үшін ірі стратегиялық инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін, «Ақтөбе-Қостанай» магистральдық газ құбырын, «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу жобалары бар. Сонымен қатар еліміздегі газ транзиттік әлеуетін толық пайдалану бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Өткен жылдың қазан айында Ресей газын Өзбекстан республикасына транзиттеу іске қосылды. Былыр 1,28 млрд м3 тасымалданған. Биыл оны 3,8 млрд текше метрге дейін ұлғайту жоспарда бар.

Сондай-ақ түркімен және өзбек газын Қытай Халық Республикасына транзиттеу тұрақты өсім көрсетуде. Ресейлік газдың Қырғызстанға транзитін арттыру мәселесі де қаралып жатыр.

Бағаға қатысты айтар болсақ, министр бүгінгі таңда тауарлық газдың бекітілген көтерме сауда бағасы мың

текше метр үшін 23 646 теңге болған кезде, тауарлық газдың орташа өзіндік құны 33 169 теңгені құрайтынын жеткізді.

— Газ саласына инвестициялар тарту және тауарлық газдың өзіндік құнына қол жеткізу мақсатында халық үшін бағаның күрт өсуіне жол бермеу есебімен газ бағасын кезең-кезеңімен көтеру талап етіледі, — деді министр.

Жалпы үш жыл ішінде ішкі нарықта газды сатудың шығынсыз болуына қол жеткізу жоспарлануда, бұл елдің газға деген өсіп келе жатқан қажеттілігін жабуға және еліміз үшін маңызды инвестициялық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Алмасадам Сәтқалиев тоқсан сайын өңірлер бойынша шамамен 360 мың тонна сұйылтылған газ бөлінінін айтты. Алайда тоқсандық өндіру мен бөлу көлемі басынан өңірлердің қажеттіліктерінен 130 мың тоннаға немесе 26 пайызға аз.

ҚР Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша былыр газбен жүретін көліктердің саны 582 мыңға жеткен. Бұл көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 18 пайызға көбейген. Сұйылтылған газға төмен баға белгілеуге байланысты еліміздің автокөлік жүргізушілерінің көпшілігі отынға ауысуы байқалады. Ал министр бұл өз кезегінде тұтынудың артуына себеп болғанын жасырмайды.

Үкімет басшысы газ өндіру мен өңдеу көлемінің ұлғаюына қарамастан елімізде көгілдір отынның тапшылығы орын алып отырғанын айтты. «Қашаған» мен Жаңаөзенде газ өңдеу зауыттарының құрылысы кешіктіріліп жатқанын да сынга алды. Оның үстіне жаңа кен орындарын дамыту және геологиялық барлауға инвестициялар тарту да баяу жүруде. Сондықтан Энергетика министрлігі мен «QazaqGas» компаниясына газ өңдеу зауыттарын салу және жаңа газ кен орындарын игеру бойынша нақты қол карталарын әзірлеу тапсырылып, жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға газ саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі кешенді жоспарының іс-шараларын сапалы және уақтылы іске асыруды жалғастыру қажеттігі ескертілді.

— Энергетика министрлігінің 26 маусымдағы №233 бұйрығына сәйкес, 1 шілдеден бастап сұйылтылған газ бағасы өсті. Нақтырақ айтқанда, біздің өңірде шекті бөлшек сауда бағасы 1 литр үшін 70 теңгені құраса, ал облыс орталығынан 200 шақырымнан астам қашықта орналасқан шалғай аудандарда 1 литрі 75 теңгені құрайды. Тұтынушыларға арналған баға 9 пайызға өссе, газ желісі ұйымдары үшін газ өңдеу зауытынан сатып алынатын баға 12 пайызға қымбаттады. Қазір облыс аумағындағы 210 автогаз қуо бекеті арқылы сұйылтылған май газын сату бойынша 25 оператор жұмыс жасайды. Шілде айында аймаққа 6 756 тонна газ бөлінді.

Жында сұйылтылған газдың басқа облыстарға кетпеуін қадағалау, газ қуо станцияларының тиісті заңнама талаптарын сақтауына мониторинг жүргізу қажеттігі ескертілді. Мұнан

бөлек елді мекендерді газдандыру жайы қаралды. Өткен жылдың қорытындысына қарасақ, тұрғындарды табиғи газбен қамту үлесі 75 пайыз болды, 12 елді мекен табиғи газға қосылды. Осылайша газдандырылған ауылдар саны 35-ке жетті. Биыл республикалық бюджеттен 20 жабаға 5,9 млрд теңге берілді. «Самұрқ-Қазына» акционерлік қоғамы 16 газдандыру жобасын қаржыландыруға 24 млрд теңге бөлді. Жыл соңына дейін 11 ауылдық елді мекен табиғи газға қосылып, көгілдір отынмен қамту деңгейін 78 пайызға, газдандырылған елді мекен санын 46-ға жеткізу жоспарлануда. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына газдандыру жобаларын бақылауға алып, жұмыстың мерзімінде және сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету тапсырылды.

Баға бақылауда

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов аудан аумағындағы автогаз қуо станцияларында автокөлікке жанармай қуо үшін сұйылтылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің шекті бағалары мен мөлшері бойынша мониторинг жұмыстарын тұрақты жүргізуде. Аудан бойынша сұйылтылған мұнай газы бойынша 5 оператор, 6 газ қуо бекеті жұмыс жасайды. Сұйымдылығы — 55,5 тонна. Қазіргі таңда 26,2 тонна газ бар. Газдың орташа бөлшек сауда бағасы — 64 теңге. Ал ауданда жанар-жағармай өткізумен айналысатын 3 оператор, 4 жанар-жағармай қуо бекеті орналасқан. Зерделеу жұмыстарына жауапты сала басшыларына алдағы қажетті қорды сақтау мақсатында нақты тапсырмалар берілді.

Қос ауылға көгілдір отын кіреді

Иә, биыл жылу маусымына дейін кентке қарасты Ақсу және Мәрілі Шәменов ауылының тұрғындары көгілдір отын тұтынады. Қос елді мекенді газдандыру жұмыстарына 2023 жылға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен облыстық бюджеттен 10 млн теңге қаржы қаралып, бөлінген қаржы шегінде жұмыстар жүргізілді. Ал бұыл құрылыс монтаждау жұмыстарын жалғастыру үшін Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 397,4 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстарының 95 пайызы орындалып, 387,7 млн теңге игерілді. Шілде-тамыз айларында қалған 109,7 млн теңге игеріледі.

Қазіргі таңда демеушілік есебінен Бұқарбай батыр, Қарақеткен және Далдабай елді мекендерін газдандыруға жоба сметалық құжаттар әзірленуде. Мұнан бөлек кентте орналасқан мемлекеттік мекемелерді газдандыру мәселесі түбегейлі шешілуде. Биыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік мекемелерді газдандыру мәселесі түбегейлі шешілуде. Биыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік мекемелерді газдандыру мәселесі түбегейлі шешілуде. Биыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік мекемелерді газдандыру мәселесі түбегейлі шешілуде. Биыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік мекемелерді газдандыру мәселесі түбегейлі шешілуде.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Мәселе

Теңге теңселіп тұр

Доллар тағы көтерілді. Ақша айырбастау пункттері долларды 477 теңгеден алып, 480 теңгеден сатып жатыр. Сондай-ақ еуроның бағамы да көтеріліп, 1 еуроның құны 521 теңгеге жеткен. Сарапшылар да осы тұста теңгені әлсіреткен бірнеше факторды атап өтті. Сонымен теңгенің әлсіреуіне не себеп, банк қандай байламға келмек? Бүгінгі мақаламызда осы сұрақтарға жауап іздейміз.



Бұл айдағы доллардың күрт қымбаттауы — өткен жылдың қыркүйек айынан бері ең жоғары көрсеткіш. Ол кездегі баға 482 теңгеге жеткен еді. Ал онының маусымнан бастап Ұлттық валюта 7,3 пайызға әлсіреді. Доллар бағамының өскенін естисек, дереу «Азық-түлік қымбаттайды ма?» деп уайымдаймыз. Себебі қазірдің өзінде азық-түлік бағасының шарықтап тұрғаны белгілі.

Қаржы сарапшыларының пікірінше, теңгенің күнсіздануына бірнеше фактор әсер еткен. Оның бірі — Ұлттық Қордан түсетін трансферттердің азаюы. Мәселен, маусым мен мамырды салыстырсақ, аударымнан үш есеге төмендеген. Сондай-ақ Ұлттық банк тұжырымы бойынша, теңгенің күнсіздануына кіші факторлар да әсер еткен. Оның ішінде жазда демалысқа кететіндер көбейіп, шетелдік валютаға сұраныстың артуы, импорттың өсуі және компаниялардың көптеп дивиденд төлеу факторлары да бар. Сонымен қатар халық тарапынан да, компаниялар тарапынан да долларға сұраныстың артуы теңгенің әлсіреуіне алып келді.

Биыл шілдеде Ұлттық банк Ұлттық қордан 450 млн АҚШ долларын 550 млн АҚШ долларына дейін валюта сатылады деп болжап отыр. Шілдеде зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін 250 млн АҚШ долларын 350 млн АҚШ долларына дейін валюта сатып алмақ. Сарапшылар теңгенің әлсіреуіне Қазақстан қор биржасы акцияларының бір бөлігіне иелік ететін Мәскеу биржасына салынған санкцияның әсері болуы мүмкін деп болжаған.

— Қарапайым халық тауарларды төлер кезде қаражат жинаймыз, несиелер, депозиттер аламыз. Теңге әлсірегенде маңызын күшейтеді. Біз шетелге шыққан кезде, оқуға кеткен бала не туысқанымызға аса салғанда долларға қарауымыз керек. Басқа жағдайларда сіз өзіңіздің ұлттық валютаңызға қарауыңыз керек. Бағам бойынша біз жылды 455 теңгеден бастадық, содан кейін Ұлттық қордан қосымша трансферттердің әсерінен теңгеіміз айтарлықтай нығайды, ол 440 теңгеге жетті. Содан кейін ол бір аса уақытта 480 теңгеге жетті. Салықжинау аз болды, сәйкесінде Ұлттық қордан аударымдар көлемі де айтарлықтай өсті. Трансферттерді сату деген нені білдіреді? Бұл — валюталық активтерден алу деген сөз, өйткені Ұлттық қор доллармен сақталады. Оны биржаға әкеліп сатып, теңгеге айырбастап, Қаржы министрлігіне береді. Валюта нарығындағы қатысуымыз өкі есе қысқарды. Тісінінше теңгенің қалыпты деңгейіне қайта ораламыз, — деді Ұлттық банк басшысы Тимур Сүлейменов.

Сарапшылардың пікірінше, теңге жаына алаңдайтындығы сауалнамасына қатысқан қаржы нарығының сарапшылары теңгенің одан әрі күнсіздануына еш себеп жоқ екенін алға тартады. Олар тауар нарығының қолайлы конъюнктурасы, ағымдағы операциялар шотының профициті, сауда балансының жақсаруы, елдегі жоғары пайыздық мөлшерлеме және әлемдік капитал нарығындағы жағдайдың аясында теңгенің одан әрі әлсіреуіне негіз жоқ деп есептейді.

Ұлттық валютаның әлсіреуімен экономикадағы инфляцияға қарсы қысым күшеюі ықтимал. Сауалнамаға қатысқандардың 71 пайызы базалық мөлшерлеме жылдық 14-14,25 пайызға дейін төмендейді десе, қалғаны өзгеріссіз қалады деген пікірде.

Ақнур АЛТЫНБЕК